



**ҚазМұнайГаз**  
NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ

# **«ҚАЗМҰНАЙГАЗ» ҰК АҚ БАСШЫЛЫҒЫНЫҢ ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ ТУРАЛЫ ЕСЕБІ**

*2019 жылы 30 қыркүйекте аяқталған тоғыз ай үшін*



Төмендегі құжаттың міндеті Топтың операциялық және қаржылық қызметінің нәтижесіндегі үрдістер мен елеулі өзгерістерді түсінуге және бағалауға көмек көрсету болып табылады. Осы шолуды Топтың аралық қысқарған шоғырландырылған қаржылық есептілігіне негізделген және оны аралық қысқарған шоғырландырылған қаржылық есептілікпен және ілеспе ескертулермен бірге қараған жөн. Барлық қаржылық деректер және оларды талқылау Халықаралық Қаржылық Есептілік Стандарттарына («ХҚЕС») сәйкес дайындалған аралық қысқарған шоғырландырылған қаржылық есептілікке негізделеді. Топтың есеп саясатына сәйкес бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларға инвестициялар үлестік қатысу әдісі бойынша есепке алынады, демек, жол бойынша шоғырланбайды («үлестік қатысу әдісімен ескепке алынатын кәсіпорындар»).

Теңгедегі барлық сома, ерекше айтылған жағдайларды қоспағанда, миллиардтармен көрсетілген. Сандар дөңгелектелген, алайда үлестік көрсеткіштер дөңгелектенуге дейінгі нақты көрсеткіштер пайдаланыла отырып есептелген.

## МАЗМҰНЫ

1.	ЖАЛПЫ АҚПАРАТ .....	4
2.	НЕГІЗГІ МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ ФАКТОРЛАР .....	6
2.1.	Мұнай мен мұнай өнімдерінің нарықтық бағаларының өзгеруі.....	6
2.2.	Шетел валютасының айырбас бағамының өзгеруі.....	7
2.3.	Мұнай және газ тасымалдау тарифтері .....	7
2.4.	Өңдеуге арналған тарифтер .....	9
2.5.	Салық салу.....	9
3.	ТОПТЫҢ ӨНДІРІСТІК КӨРСЕТКІШТЕРІ .....	11
3.1.	Мұнай және газ конденсатын өндіру .....	11
3.2.	Газ өндіру .....	11
3.3.	Мұнайды магистральдық құбырлармен тасымалдау .....	12
3.4.	Мұнайды теңіз флотымен тасымалдау .....	133
3.5.	Газ тасымалдау .....	13
3.6.	Көмірсүтек шикізатын өңдеу.....	13
3.7.	Мұнай, мұнай өнімдері мен газды өткізу .....	14
4.	ТОПТЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ .....	166
4.1.	Кірістер .....	166
4.2.	Шығыстар .....	177
4.3.	Бірлесіп бақыланатын ұйымдар мен қауымдастырылған компаниялардың пайдасындағы үлесі.....	19
4.4.	Табыс салығы бойынша шығыстар .....	20
4.5.	Өтімділік және күрделі шығындар .....	211

## 1. ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ – Қазақстанда және одан тыс жерлерде мұнай мен газды геологиялық барлау және өндіру, сондай-ақ мұнай, газ және мұнай өнімдерін тасымалдау, өңдеу, маркетинг және өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын тігінен интеграцияланған компания.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 20 ақпандағы № 811 Жарлығы және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 25 ақпандағы № 248 қаулысы негізінде құрылған Қазақстан Республикасының мемлекеттік мұнай-газ кәсіпорны болып табылады. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ «Қазақойл» ЖАҚ ұлттық мұнай-газ компаниясы мен «Мұнай және газ көлігі» ұлттық компаниясының бірігуі нәтижесінде құрылды. Бірігу нәтижесінде барлық активтер мен міндеттемелер, осы компаниялар иелік еткен барлық кәсіпорындардағы қатысу үлесін қоса алғанда, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ға берілді.

ҚМГ акционерлері «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ АҚ (90,42% - 1 акция) және Қазақстанның Ұлттық Банкі (9,58% + 1 акция) болып табылады. Топ мұнай және газ конденсатын өндіру бойынша Қазақстан Республикасы нарығының төрттен бір бөлігін, сондай-ақ елде мұнай өңдеу, мұнай мен табиғи газды құбырмен тасымалдау бойынша басым позицияны алады.

Есепті кезеңдегі аса маңызды жобалар мен ірі еншілес компаниялар:

- «Өзенмұнайгаз» АҚ және «Ембімұнайгаз» АҚ (мұнай және газ барлау мен өндіру);
- «ҚазТрансОйл» АҚ (мұнай тасымалдау);
- «ҚазТрансГаз» АҚ (газ тасымалдау және өткізу);
- «ҚазМұнайТеңіз» АҚ (теңіз мұнай операциялары);
- «Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС (мұнай өңдеу);
- «Павлодар мұнайхимия зауыты» ЖШС (мұнай өңдеу);
- KMG International N. V. (Румыниядағы және Қара теңіз және Жерорта теңізі бассейндері елдеріндегі мұнай және мұнай өнімдерін өңдеу, маркетингі);
- Ірі инвестициялық жобалар:
  - North Caspian Operating Company B. V. (қатысу үлесі – 8,44%);
  - Қарашығанақ Петролиум Оперейтинг Б. В. (қатысу үлесі – 10%);
  - Теңізшевройл (қатысу үлесі – 20%).

**Басты корпоративтік оқиғалар:**

- 2019 жылдың 22 ақпанында «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ (ҚМГ БӨ) артықшылықты акцияларды кері сатып алу бағдарламасын аяқтады. Осылайша, ҚМГ БӨ жалпы сомасы 15,9 млрд теңгеге 65% артықшылықты акция сатып алды. 2019 жылдың 14 мамырынан бастап ҚМГ БӨ артықшылықты акциялары KASE-дан алып тасталды;
- 2019 жылдың ақпанында Компания стратегиясы мен Үкімет жоспарына сәйкес ҚазМұнайГаз бренді бар АҚС желісін 60,5 млн теңгеге сату мәмілесі аяқталды;
- 2019 жылғы наурызда Fitch халықаралық рейтинг агенттігі ҚМГ рейтингін «BBB-/болжам тұрақты» деңгейінде растады, бұл ретте жеке рейтингі (stand-alone credit profile) «b» деңгейінен «bb-» деңгейіне дейін көтерілгенін атап өтті;
- 2019 жылғы 29 наурызда ҚМГ (1) 2018 жылғы Еурооблигацияларды шығару шарттарымен ковенант пакетін теңестіруге және (2) 2044 жылы өтелугі тиіс 30,1 млн. АҚШ доллары сомасындағы Еурооблигацияларды мерзіміне бұрын өтеуге 2022, 2023, 2024, 2047 жылдары өтелугі тиіс Еурооблигацияларды (2018 жылға дейін шығарылған Еурооблигациялар) ұстаушылардың келісімін алды.
- 2019 жылғы 29 сәуірде Луис Мария Виана Палья Да Сильва Директорлар кеңесінің мүшесі – ҚМГ тәуелсіз директоры болып сайланды;
- 2019 жылғы 20 мамырда Энтони Эспина ҚМГ Директорлар кеңесінің мүшесі – «Самұрық-Қазына» АҚ мүдделерін білдіруші болып сайланды;
- Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, ҚМГ Түркістан қаласында жалпы сомасы 21 млрд теңгеге жуық әлеуметтік нысандарды (7 000 орындық стадион және конгресс холл) салу бойынша өз міндеттемелерін толық өтеді. Сонымен қатар, 2019 жылдың тамыз айында ҚМГ Түркістан қаласында 1 000 орындық амфитеатрдың құрылысын 1,8 млрд. теңге сомасында қаржыландырды;
- 2019 жылғы 22 тамызда Moody's халықаралық рейтинг агенттігі Қазақстан үкіметі тарапынан қолдауды есептегенде, ҚМГ кредит қабілеттілігі рейтингін өз бетінше «Ba3»-тен «Ba2»-ге дейін көтерді. ҚМГ ұзақ мерзімді рейтингі «Тұрақтыдан» «Позитивтіге» болжам қайта қаралып, «Ba3» деңгейінде расталды.

## Өндірістік оқиғалар

- 2019 жылғы 16 ақпанда Каспий теңізінің Әзірбайжан секторында бұрғылау жобаларына қатысу үшін жалпы сомасы 21,6 млрд. теңгеге немесе 57 млн. АҚШ долл. сомасына өздігінен көтерілетін жүзбелі бұрғылау қондырғысын (ӨЖБҚ) жаңарту бойынша инвестициялық жобаны іске асыру мақұлданды. ҚМГ және SOCAR ӨЖБҚ сенімгерлікпен басқару шартына қол қойды.
- 2019 жылғы 1 сәуірде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі, ҚМГ және «ЛУКОЙЛ» АҚ (ЛУКОЙЛ) арасында Каспий теңізінің қазақстандық секторында орналасқан Жеңіс учаскесінде көмірсутегін барлау мен өндіруге арналған келісімшарт жасалды. ҚМГ мен ЛУКОЙЛ бірлескен бағалауына сәйкес болжамды алынатын ресурстар (С3) 65,1 млн тоннаны құрайды. Жобаның операторы «Жеңіс Оперейтинг» ЖШС (бірлескен кәсіпорын: ҚМГ – 50% және Лукойл – 50%) болып табылады;
- 2019 жылдың сәуір сайында ҚМГ Транскаспий халықаралық көлік бағыты бойынша фидерлік қатынау жолын ашты. ҚТКФ осы қатынау жолының теңіз операторы болып табылады;
- 2019 жылғы 17 мамырда ҚМГ және British Petroleum (BP) Өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойды, оның шеңберінде ҚМГ және үшінші тараптардың қолда бар технологиялық деректері, қолданыстағы активтері бірлесіп зерттелетін болады;
- 2019 жылғы мамыр айында Каспий Құбыр консорциумының (КҚК) акционерлері жобаны 2019 жылдан 2023 жылға дейін іске асыру мерзімімен қазақстандық учаскеде оның қуатын жылына 72,5 млн. тоннаға дейін ұлғайту үшін КҚК мұнай құбырының тар жерлерін жою жобасын іске асыру туралы шешім қабылдады;
- 2019 жылы 7 маусымда ҚМГ мен ЛУКОЙЛ Каспий теңізінің қазақстандық секторында орналасқан «I-P-2» жобасы бойынша Қағидаттар туралы келісімге қол қойды. Лукойлдың алдын ала бағалауына сәйкес болжамды алынатын ресурстар (С1) 15,1 млн тоннаны құрайды;
- 2019 жылғы 26 шілдеде Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі, ҚМГ және «Эни С.п.А.» (Eni) арасында Каспий теңізінің қазақстандық секторында орналасқан «Абай» учаскесінде көмірсутегі шикізатын барлауға арналған келісімшарт жасалды. Жобаның операторы «Исатай Оперейтинг Компани» ЖШС (ҚМГ – 50% және Eni – 50%) болып табылады;
- Ағымдағы жылдың 1 тамызы мен 10 қыркүйегі аралығында теңіздегі КТЖ1 зауытында ұзақтығы 40 күн жоспарлы күрделі жөндеу жүргізілді.
- Ағымдағы жылдың 16 қыркүйегі мен 10 қазаны аралығында ҚПО өндірістік объектілерінде ұзақтығы 25 күн жоспарлы күрделі жөндеу жүргізілді.
- 2019 жылдың 20 қыркүйегінде ҚМГ мен ЛУКОЙЛ Қазақстан Республикасының аумағындағы учаскелерді Бірлескен зерттеулер туралы келісімге қол қойды.
- 2019 жылдың 24 қыркүйегінде ҚМГ және Equinor Бірлескен зерттеулер туралы келісімге қол қойды, ол ҚР аумағындағы мұнай-газ учаскелерінің көмірсутек әлеуеті мақсатында геологиялық және геофизикалық зерттеулер жүргізуді көздейді.

## Қаржылық оқиғалар

- 2019 жылғы қаңтарда борышқа қызмет көрсету шығыстарын азайту мақсатында АМӨЗ (1) «Астана» халықаралық қаржы орталығы» биржасында 150 млн. АҚШ доллары сомасына облигациялар орналастыру (2) Халық Банкінен 150 млн. АҚШ доллары сомасына қарыз тарту есебінен, Қазақстан Даму банкіндегі 300 млн. АҚШ доллары сомасындағы борышын қайта қаржыландырды.
- 2019 жылдың сәуірі айында ҚМГ 2044 ж. өтелуі тиіс 30,1 млн АҚШ долл. сомасында Еурооблигацияларды толық мерзімінен бұрын сатып алуды жүзеге асырды.
- 2019 жылдың тоғыз айы ішінде ҚМГ жалғыз ұстаушысы ҚДБ болып табылатын шығарылған облигациялар бойынша 113 млн. АҚШ. долл. сомасындағы берешекті толық өтеді.
- 2019 жылдың шілде айында АМӨЗ ҚДБ-дан алынған 152 млн. АҚШ долл. сомасындағы қарыз валютасын валюталық тәуекелді басқару мақсатында «АҚШ долларынан» «теңгеге» ауыстырды.
- 2019 жылдың тамыз айында ҚМГ мен ҚТГ қаржыландыру шарттарын және кредиттік құжаттаманы жақсарту мақсатында шетелдік банктердің синдикатынан Бейнеу-Шымкент газ құбыры ЖШС алған қарызды қайта қаржыландыру шеңберінде жалпы сомасы 720 млн. АҚШ долл. мөлшерінде бірлескен қаржылық кепілдік шығарды.

## 2. НЕГІЗГІ МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ ФАКТОРЛАР

Компания қызметінің көрсеткіштеріне әсер еткен басты факторлар:

- шикі мұнай мен мұнай өңдеу өнімдері бағасының ауытқуы;
- валюталық бағам өзгерістерінің әсері;
- мұнай және газ тасымалдау қызметтеріне арналған тарифтердегі өзгерістер;
- салық салу.

Төменде Топтың қызметіне әсер еткен 2019 жылдың 9 айындағы макроэкономикалық көрсеткіштер келтірілген.

Атауы	Өлш. брл.	30.09.2019 аяқталған 9 ай үшін	30.09.2018 аяқталған 9 ай үшін	Өзгеріс	
				абс	%
Кезең соңындағы инфляция (КСИ, өткен жылдың тиісті айына %-пен)	%	105,3	106,1	-0,8	-0,7
Мұнайға экспорттық кеден бажы	АҚШ долл. /тонна	63	65	-2	-3,1
Айлық есептік көрсеткіш (АЕК)	теңге	2 525	2 405	120	5,0
Ең төмен жалақы мөлшері (ЕТЖ)	теңге	42 500	28 285	14 215	50,3

### 2.1. Мұнай және мұнай өнімдерінің нарықтық бағаларының өзгеруі

Халықаралық және Қазақстан нарығындағы шикі мұнай мен мұнай өнімдерінің бағасы Компания қызметінің нәтижелеріне елеулі әсер етеді.

Мұнайдың әлемдік бағасының өзгеруі (АҚШ долл. / барр.)	30.09.2019 аяқталған 9 ай үшін	30.09.2018 аяқталған 9 ай үшін	Δ, %
Brent мұнайы	64,65	72,13	-10,4
Urals мұнайы	64,72	70,69	-8,4

Дереккөз: Thomson Reuters

Тұтастай алғанда, шикізат бағасының өзгеруі әлемде болып жатқан бірқатар факторларға, соның ішінде ОПЕК мүше елдердің қабылдаған шешімдері, Венесуэла, Ирандағы жағдай, АҚШ пен Қытайдың нарықтық қарым-қатынасы, АҚШ пен ЕО-ның ресейге қарсы санкциялары сияқты факторларға байланысты.

Халықаралық және қазақстандық нарықтағы мұнай өнімдері бағаларының динамикасы бірқатар факторлармен айқындалады, олардың ішінде ең маңыздылары – шикі мұнайдың бағасы, мұнай өнімдеріне сұраныс пен ұсыныстың арақатынасы, бәсекелестік, өткізу нарықтарының түпкілікті немесе аралық мұнай өңдеу өнімдеріне өңдейтін кәсіпорындардан алшақтығы, мұнай өнімдерін жеткізудегі маусымдық тапшылық/профицит болып табылады.

Мұнай өнімдерінің орташа әлемдік бағасы	Өлш. брл.	30.09.2019 аяқталған 9 ай үшін	30.09.2018 аяқталған 9 ай үшін	Δ, %
Мазут	АҚШ долл. /тонна	375	393	-4,6
Нафта	АҚШ долл. /тонна	495	617	-19,8
Авиакеросин	АҚШ долл. /тонна	631	686	-8,0

ҚР мұнай өнімдерінің орташа көтерме бағалары*	Өлш. брл.	30.09.2019 аяқталған 9 ай үшін	30.09.2018 аяқталған 9 ай үшін	Δ, %
АИ-95 маркалы бензин	теңге/т	164 747	179 759	-8,4
АИ-92 маркалы бензин	теңге/т	154 191	169 491	-9,0
Дизель отыны (жазғы)	теңге/т	196 210	171 533	14,4
Авиакеросин	теңге/т	220 765	210 556	4,8

Дереккөз: Argus ҚР МӨЗ-де өндірілген мұнай өнімдері бойынша Каспий нарығы

2019 жылдың 9 айының қорытындысы бойынша ҚР ішкі нарығында дизель отыны мен авиакеросинге орташа нарықтық көтерме бағаның өсуі 2018 жылдың тиісті кезеңіндегі (тиісінше) бағалар деңгейінен 14% және 4%-тен асып түсті.

2019 жылдың 9 айының қорытындысы бойынша ҚР ішкі нарығында жоғары октанды бензиндерге орташа нарықтық көтерме бағалардың төмендеуі 2018 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 9% құрады. Көтерме бағалардың теріс динамикасына 2019 жылдың басынан бастап ҚР ішкі нарығында қалыптасқан автобензин профициті әсер етті.

## 2.2. Шетел валютасының айырбас бағамының өзгеруі

АҚШ долларына қатысты теңге бағамының өзгеруі айтарлықтай әсер етті және Компания қызметінің шоғырландырылған нәтижелеріне әсері жалғасуы мүмкін, өйткені Компанияның шикі мұнай мен мұнай өнімдерін сатудан түскен кірістерінің елеулі үлесі АҚШ долларымен көрсетілген, ал Компания шығыстарының едәуір бөлігі теңгемен көрсетілген. Сондай-ақ, компанияның қарыз алуы мен кредиторлық берешегінің басым бөлігі АҚШ долларымен деноминацияланған.

	Кезең ішіндегі орташа бағам	Кезең соңында
9 ай ішінде, 2019 жылғы 30 қыркүйекке (қазақстандық теңге 1,00 АҚШ долларына шаққанда)	381,52	387,99
9 ай ішінде, 2018 жылғы 30 қыркүйекке (қазақстандық теңге 1,00 АҚШ долларына шаққанда)	336,51	363,07

Дереккөз: Қазақстан Қар Биржасы белгілеген валюта бағамдары

## 2.3. Мұнай және газ тасымалдау тарифтері

### Мұнайды магистральдық құбырмен тасымалдау

Қазақстанда мұнай өндіру өңірлерінің көпшілігі мұнай мен мұнай өнімдерін өткізудің негізгі нарықтарынан алыс болғандықтан, мұнай компаниялары көлік инфрақұрылымының даму дәрежесіне, сондай-ақ оған қол жеткізу мүмкіндігіне тәуелді.

Топ «ҚазТрансОйл» АҚ еншілес компанияға тиесілі Қазақстандағы магистральдық құбырлар жүйесі бойынша экспортқа және ішкі нарыққа сататын шикі мұнайдың едәуір бөлігін тасымалдайды. Сондай-ақ, Топ Каспий Құбыр Консорциумы мұнай құбырындағы 20,75% мөлшеріндегі акционерлік капиталға ие.

Шикі мұнайды магистральдық мұнай құбырларымен тасымалдауды Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 27 наурыздағы №266 бұйрығымен бекітілген шарттың үлгі нысанына сәйкес тұтынушылармен жасасқан мұнай тасымалдау жөніндегі қызметтерді ұсыну шарттарына сәйкес «ҚазТрансОйл» АҚ компаниялар тобы жүргізеді. Көрсетілген шарттарда тараптардың мұнай тасымалдау кезіндегі құқықтары мен міндеттері бекітілген. Топтың мұнайын «ҚазТрансОйл» АҚ компаниялар тобының магистральдық мұнай құбырларымен ішкі нарыққа және экспортқа тасымалдау басқа өндірушілердің мұнайы қоспасымен жүзеге асырылады.

2015 жылғы мамырда «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына түзетулер қабылданғаннан кейін табиғи монополиялар салаларынан Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзит және Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге экспорттау мақсатындағы мұнай тасымалдау қызметтері алынып тасталды. 2018 жылдың ақпан айында «ҚазТрансОйл» АҚ мұнайды магистральдық құбырлары арқылы айдау бойынша қызметтердің мынадай тарифтерін бекітті:

- Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге экспорт мақсатында – 1000 км-ге 1 тонна үшін 6 398,92 теңге (ҚҚС-сыз), ол 2018 жылғы 1 сәуірден бастап қолданысқа енгізіледі, 2018 жылдың 1-тоқсанындағы тариф – 1000 км-ге 1 тонна үшін 5 871,2 теңге (ҚҚС-сыз);
- Түймазы-Омбы-Новосибирск-2 магистральдық құбырының қазақстандық учаскесімен Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзит мақсатында – 1000 км-ге 1 тонна үшін 4 292,4 1 тонна үшін (ҚҚС-сыз), ол 2018 жылғы 1 сәуірден бастап қолданысқа енгізіледі, 2018 жылдың 1-тоқсанындағы тариф – 1000 км-ге 1 тонна үшін 1 727,1 теңге (ҚҚС-сыз).

2018 жылғы желтоқсанда Қазақстан Республикасының Энергетика министрі (№545 бұйрық) Ресей Федерациясының шекарасы-Қазақстан Республикасының шекарасы (Прииртышск)-Атасу (Қазақстан Республикасы)-Алашаңқай (Қытай Халық Республикасы) тасымалдау бағыты бойынша 2019-2023 жылдарға Қазақстан Республикасының аумағы арқылы арналған Ресей мұнайын 10 млн. тонна мөлшерінде тасымалдау құнын 1 тонна үшін 15 АҚШ доллары (ҚҚС-сыз) мөлшерінде бекітті, оның ішінде:

- Ресей Федерациясының шекарасы-Қазақстан Республикасының шекарасы (Прииртышск)-Атасу (Қазақстан Республикасы) учаскесінде мұнайды «Атасу» БМАС-та ауыстырып тиеуді қоса алғанда – 1 тонна үшін 4,23 АҚШ долл. (ҚҚС-сыз), 2018 жылдың 9 айындағы тариф – 1 тонна үшін 3,11 АҚШ долл. (ҚҚС-сыз);
- Атасу (Қазақстан Республикасы)-Алашаңқай (Қытай Халық Республикасы) учаскесінде – 1 тонна үшін 10,77 АҚШ долл. (ҚҚС-сыз), 2018 жылдың 9 айындағы тариф – 1 тонна үшін 8,25 АҚШ долл. (ҚҚС-сыз).

2015-2019 жылдарға арналған «ҚазТрансОйл» АҚ магистральдық құбырлар жүйесімен мұнайды Қазақстан Республикасының ішкі нарығына айдау жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметке тарифтердің шекті деңгейлерін



Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитеті бекітті (2015 жылғы 21 тамыздағы №347-НҚ бұйрық), ол 2015 жылғы 1 қазаннан бастап мынадай мөлшерде қолданысқа енгізілді:

- 2015 жылы – 1000 км-ге тоннасына 3 225,04 теңге (ҚҚС-сыз);
- 2016 жылы – 1000 км-ге тоннасына 3 547,46 теңге (ҚҚС-сыз);
- 2017 жылы – 1000 км-ге тоннасына 3 902,13 теңге (ҚҚС-сыз);
- 2018 жылы – 1000 км-ге тоннасына 4 292,40 теңге (ҚҚС-сыз);
- 2019 жылы – 1000 км-ге тоннасына 4 721,72 теңге (ҚҚС-сыз).

ТМРБЖТҚКК төрағасы м. а. 2019 жылғы 31 шілдедегі №204-ОД бұйрығымен мұнайды Қазақстан Республикасының ішкі нарығына айдау бойынша реттеліп көрсетілетін қызметке 1000 км-ге тоннасына 4 716,62 теңге мөлшерінде уақытша өтемдік тариф бекітілді, ол 2019 жылғы 1 қыркүйектен бастап 2020 жылғы 31 тамызға дейін қолданыста болады.

### **Газ тасымалдау**

Газды магистральдық газ құбырлары және газ тарату жүйелері арқылы тасымалдауды «ҚазТрансГаз» АҚ компаниялар тобы жүзеге асырады. Газды магистральдық тасымалдауды «Интергаз Орталық Азия» АҚ, сондай-ақ «Азиялық газқұбыры» ЖШС, «Бейнеу-Шымкент Газ Құбыры» ЖШС бірлескен кәсіпорындары жүзеге асырады. Газ тарату құбырлары арқылы газ тасымалдауды «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ жүзеге асырады.

### **Халықаралық транзит және экспорт бойынша газ тасымалдау тарифтері**

2015 жылғы мамырда «Табиғи монополиялар туралы» Заңға енгізілген өзгерістерге сәйкес газды транзитке және экспортқа тасымалдау жөніндегі қызметтер мемлекеттік реттеуден шығарылды. Газ транзиті мен экспортына арналған тарифтер Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің бекітуінсіз шарттық негізде белгіленеді.

2019 жылдың 9 айында газды транзит пен экспортқа тасымалдаудың қолданыстағы тарифтері:

- «Интергаз Орталық Азия» АҚ
  - газ транзиті «Газпром» АҚ және оның еншілес ұйымдары үшін 100 км-ге ҚҚС-сыз 2 АҚШ долл./мың м<sup>3</sup>; «Узтрансгаз» АҚ үшін 100 км-ге ҚҚС-сыз 2,9 АҚШ долл./мың м<sup>3</sup>;
  - газ экспорты «Теңізшевройл» ЖШС, «ҚазТрансГаз» АҚ үшін 100 км-ге ҚҚС-сыз 5 АҚШ долл./мың м<sup>3</sup>;
  - газ экспорты «КазРосГаз» ЖШС үшін 100 км-ге ҚҚС-сыз 2 АҚШ долл./мың м<sup>3</sup>;
- «Азиялық газқұбыры» ЖШС – газ транзиті және экспорты 100 км-ге 3,58 АҚШ долл. /мың м<sup>3</sup>, ҚҚС-сыз;
- «Бейнеу-Шымкент Газ Құбыры» ЖШС – ішкі нарықта газ тасымалдауға, газ транзиті мен экспортына бірыңғай тариф 18 071 теңге/мың м<sup>3</sup> (ҚҚС-сыз); 2019 жылғы 1 мамырдан бастап – 16 574 теңге/мың м<sup>3</sup> (ҚҚС-сыз).

### **Ішкі нарықта газды магистральдық және таратушы газ құбырлары арқылы тасымалдауға арналған тарифтер**

Ішкі нарықта газ тасымалдау тарифтерін Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен реттейді.

Қазақстан Республикасының тұтынушылары үшін тауарлық газды магистральдық құбырлары арқылы тасымалдауға арналған тарифтер:

- «Интергаз Орталық Азия» АҚ 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап – 2 212,7 теңге/мың м<sup>3</sup> (ҚҚС-сыз);
- «Азиялық газқұбыры» ЖШС 2016 жылғы 1 наурыздан бастап – 3 494,4 теңге/мың м<sup>3</sup> (ҚҚС-сыз). ТМРБЖТҚКК Алматы қаласы бойынша департаментінің 23.08.2019 № 159-ОД бұйрығымен 2020-2024 жылдарға 1000 м<sup>3</sup>/100 км-ге 555,5 теңге мөлшерінде тарифтің шекті деңгейі бекітілді, ол 01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі;
- «Бейнеу-Шымкент Газ Құбыры» ЖШС 2016 жылғы 1 наурыздан бастап – 18 071 теңге/мың м<sup>3</sup> (ҚҚС-сыз); 2019 жылғы 1 мамырдан бастап – 16 574 теңге/мың м<sup>3</sup> (ҚҚС-сыз). ТМРБЖТҚКК Алматы қаласы бойынша департаментінің 27.09.2019 №4-ОД бұйрығымен 2020-2024 жылдарға 1000 м<sup>3</sup>/100 км-ге 1 200,15 теңге мөлшерінде тарифтің шекті деңгейі бекітілді, ол 01.01.2020 жылдан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының тұтынушылары үшін 2019 жылғы 1 қазанға тауарлық газды «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ тарату құбыр жолдары арқылы тасымалдау тарифтері мынадай мөлшерде бекітілді:



№	Облыс	Тасымалдау тарифі, теңге/мың м³ ҚҚС-сыз
1.	Оңтүстік-Қазақстан облысы	7 036,87
2.	Жамбыл облысы	6 443,38
3.	Қызылорда облысы	9 083,51
4.	Қостанай облысы	4 922,51
5.	Батыс Қазақстан облысы	2 615,37
6.	Атырау облысы	1 769,42
7.	Ақтөбе облысы	4 890,81
8.	Маңғыстау облысы	2 392,59
9.	Шығыс Қазақстан облысы	1 550,00
10.	Алматы қ. және Алматы облысы	4 380,06

#### 2.4. Өңдеуге арналған тарифтер

2016 жылдан бастап үш негізгі қазақстандық МӨЗ (АМӨЗ, ПМХЗ, ПКӨП) өңдеудің жаңа бизнес моделі бойынша өз қызметін жүзеге асыра бастады, оған сәйкес МӨЗ мұнайды белгіленген тарифтер бойынша өңдеу қызметтерін ғана көрсетеді, өңдеу үшін мұнай сатып алмайды және алынған мұнай өнімдерін сатпайды. Бұл міндеттемелер дайын мұнай өнімдерін өз бетінше өткізетін мұнай жеткізушілерге жүктеледі. ҚМГ тобының тігінен интеграцияланған құрылымы және оның өңдеудің жаңа бизнес үлгісі арқасында әрбір бизнес-бағыт өзінің нақты мамандануына сүйене отырып, нәтижесінде ҚМГ компанияларының барлық тобының операциялық тиімділігін арттыра түседі. Өз активтерін стратегиялық басқарушыдан операциялық басқарушыға ауысатын ҚМГ трансформациясы шеңберінде, өңдеу бизнес-моделі мұнай өңдеу зауыттарына тек өндірістік мәселелерге шоғырлануға көмектеседі, соның нәтижесінде өңдеу жөніндегі қызмет оңтайландырылып, шығындар қысқартылады.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ҚР кәсіпкерлік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңға сәйкес 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап өңдеу бағасын мемлекеттік реттеу алып тасталады.

2019 жылдың 9 айында және өткен жылдың ұқсас кезеңінде қолданылатын орташа өлшемді тарифтер төменде келтірілген:

Зауыттардың атауы	Өлш. брл.	2019 жылғы 9 айда	2018 жылғы 9 айда	Δ, %
АМӨЗ	теңге/тонна	37 436	32 827	14,0
ПМХЗ	теңге/тонна	19 805	17 250	14,8
ПКӨП	теңге/тонна	23 287	18 444	26,3
CASPI BITUM	теңге/тонна	18 012	18 008	0,0

#### 2.5. Салық салу

Төменде келтірілген кестеде Топ тиісті кезеңдерде қолданылатын белгіленген салық мөлшерлемелері берілген:

Салық	30.09.2019	30.09.2018	Салық салу базасы
Корпоративтік табыс салығы (КТС)	20%	20%	Салық салынатын табыс
Қосылған құн салығы (ҚҚС)	12%	12%	Тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді өткізу
Мүлік салығы	1,50%	1,50%	Бухгалтерлік есеп деректері бойынша айқындалатын салық салу объектілерінің орташа жылдық баланстық құны
Жер салығы	ауыспалы шама, жер учаскесінің мақсаты мен сапасына байланысты мөлшерлеме	ауыспалы шама, жер учаскесінің мақсаты мен сапасына байланысты мөлшерлеме	Жер учаскесінің ауданы
Қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлем	айнымалы шама, эмиссиялар түріне байланысты мөлшерлеме	айнымалы шама, эмиссиялар түріне байланысты мөлшерлеме	Қоршаған ортаға эмиссиялардың белгіленген нормативтері шегінде және (немесе) одан тыс эмиссиялардың нақты көлемі
Экспортқа рента салығы	0%-32% Мұнайдың әлемдік бағасына байланыстырылған шкала бойынша	0%-32%	Шикі мұнай мен шикі мұнай өнімдері экспортының көлемі

Салық	30.09.2019	30.09.2018	Салық салу базасы		
Пайдалы қазбаларды өндіру салығы (ПҚӨС)	0%-18%	0%-18%	Өндірілген шикі мұнай, газ конденсаты және табиғи газ көлемінің құны		
Үстеме пайда салығы (ҮПС)	мөлшерлемелердің жылжымалы шкаласы бойынша 0%-60 %	мөлшерлемелердің жылжымалы шкаласы бойынша 0%-60 %	Жылдық жиынтық табыс пен шегерімдер (тіркелген активтер бөлігінде – нақты КС мөлшерінде) және КТС арасындағы айырма ретінде айқындалатын жер қойнауын пайдаланушының осы шегерімдер сомасының 25%-іне тең сомадан асатын таза табысының бөлігі. ҮСП жер қойнауын пайдалануға арналған әрбір жеке келісімшарт бойынша есептеледі.		
Шикі мұнай мен газ конденсатына акциз	0 теңге/тонна	0 теңге/тонна	Өндірілген, өткізілген шикі мұнай мен газ конденсатының көлемі		
1 тоннаға акциз мөлшерлемелері (теңгемен) және баж салығы					
	30.09.2019		30.09.2018		Салық салу базасы
Мұнай өнімдеріне акциз	Бензин (авиациялықты қоспағанда) (ЕАЭО СЭҚ ТН коды 2710 12 411 0-2710 12590 0)	Дизель отыны (ЕАЭО СЭҚ ТН коды 2710 19 480 0)	Бензин (авиациялықты қоспағанда) (ЕАЭО СЭҚ ТН коды 2710 12 411 0-2710 12590 0)	Дизель отыны (ЕАЭО СЭҚ ТН коды 2710 19 480 0)	Өндірілген, өткізілген және импортталған мұнай өнімдерінің көлемі
Өндірушілердің өзі өндірген бензинді (авиациялықты қоспағанда) және дизель отынын көтерме саудада өткізуі (шілде – қараша)	10 500	9 300	10 500	9 300	
Жеке және заңды тұлғалардың бензинді (авиациялықты қоспағанда) және дизель отынын көтерме саудада өткізуі	0	0	0	0	
Өндірушілердің бензинді (авиациялықты қоспағанда) және дизель отынын бөлшек саудада өткізуі, өзінің өндірістік мұқтаждарына пайдалануы (шілде – қараша )	11 000	9 360	11 000	600	
Жеке және заңды тұлғалардың бензинді (авиациялықты қоспағанда) және дизель отынын бөлшек саудада өткізуі, өзінің өндірістік мұқтаждарына пайдалануы	500	60	500	60	
Импорт	10 500	540	10 500	540	
Алыс-беріс шикізатын өңдеу өнімі болып табылатын, Салық кодексінің 462-бабының 5) тармақшасында көрсетілген акцизделетін тауарларды беру (шілде – қараша)	10 500	9 300	10 500	9 300	
Шикі мұнайға экспорттық баж салығы	Мұнайдың әлемдік бағасына байланыстырылған шкала бойынша		Мұнайдың әлемдік бағасына байланыстырылған шкала бойынша		Экспорт көлемі

Пайдалы қазбаларды өндіру салығының, экспортқа рента салығының және мұнай мен мұнай өнімдеріне экспорттық баж салығының мөлшерлемелері мұнайдың әлемдік бағасына байланысты және сәйкесінше өзгеріп отырады. Шикі мұнай мен газ конденсатын Қазақстан Республикасының ішкі нарығында, оның ішінде пайдалы қазбаларды өндіру салығын, экспортқа рента салығын, роялтиді және Қазақстан Республикасының өнімді бөлу бойынша үлесін төлеу есебіне заттай нысанда мемлекет атынан алушыға өткізген және (немесе) берген жағдайда немесе өзінің өндірістік мұқтаждарына пайдаланған жағдайда, белгіленген мөлшерлемелерге 0,5 төмендету коэффициенті қолданылады.

Шикі газға салынатын пайдалы қазбаларды өндіру салығының мөлшерлемесі 10 процентті құрайды. Шикі газды ішкі нарықта өткізу кезінде пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық жылдық өндіру көлеміне байланысты мөлшерлемелер бойынша төленеді (мөлшерлеме 0,5%-тен 1,5%-ке дейін).

2016 жылдың ақпан айында Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі шикі мұнайға экспорттық кедендік баждың прогрессивті шкаласын енгізді. Жаңа режим бойынша экспорттық кедендік баждар Brent және Urals маркалы мұнайға арналған мұнай шикізатының әлемдік нарығында қалыптасқан шикі мұнайдың орташа нарықтық бағасы бойынша есептеледі. Мұнайға арналған шкала бойынша әлемдік баға барреліне 25 АҚШ долларынан төмен болған кезде ЭКБ 0-ге тең, мұнайдың әлемдік бағасы барреліне 25 АҚШ долларынан жоғары болғанда ЭКБ мөлшерлемесі шкалаға сәйкес айқындалады. Экспортқа рента салығы мұнайдың әлемдік бағасы барреліне 40 АҚШ долларынан асатын мөлшерлемелер шкаласы бойынша есептеледі.

### 3. ТОПТЫҢ ӨНДІРІСТІК КӨРСЕТКІШТЕРІ

Операциялық нәтижелер	30.09.2019 аяқталған 9 ай үшін	30.09.2018 аяқталған 9 ай үшін	Δ, (+/-)	Δ, %
Бірлескен кәсіпорындардағы үлесті ескере отырып мұнай және конденсат өндіру (мың тонна.)	17 593	17 642	-49	-0,3
Бірлескен кәсіпорындардағы үлесті ескере отырып газ өндіру (млн. м³)	6 227	6 067	160	2,6
Мұнайды өздерінің МӨЗ-де және бірлескен кәсіпорындардың МӨЗ-де өңдеу (мың тонна.)	15 282	14 947	334	2,2
Мұнайды магистральдық құбырлармен тасымалдау (мың тонна)	50 324	50 717	-393	-0,8
Мұнай жүк айналымы (млн.тонна*км)	46 954	46 959	-5	0,0
Мұнайды теңіз флотымен тасымалдау (мың тонна)	8 372	4 958	3 414	68,9
Магистральдық газ құбырларымен газ тасымалдау (млн. м³)	74 369	84 068	-9 700	-11,5
Газ тасымалдау бойынша тауар тасымалдау жұмыстарының көлемі (млрд. м³*км)	41 832	42 144	-312	-0,7

#### 3.1. Мұнай және конденсат өндіру

Мұнай мен конденсатты өндірудің шоғырландырылған көлемі (мың тонна)	30.09.2019 аяқталған 9 ай үшін	30.09.2018 аяқталған 9 ай үшін	Δ, (+/-)	Δ, %
	17 593	17 642	-49	-0,3
«Өзенмұнайгаз» АҚ (100%)+ «ҚазГӨЗ» ЖШС (100%)	4 177	4 107	70	1,7
«Ембімұнайгаз» АҚ (100%)	2 165	2 143	20	1,0
«Қазақтүрікмұнай» ЖШС (100%)	299	282	17	5,7
«ҚазТрансГаз» АҚ («Амангелді Газ» АҚ – 100%)	13	15	-2	-7,1
«Қазгермұнай» БК ЖШС (50%)	851	1 016	-165	-16,2
«Маңғыстаумұнайгаз» ЖШС (50%)	2 395	2 384	9	0,4
«Қаражанбасмұнай» АҚ (50%)	809	809	0	0,0
«Қазақойл Ақтөбе» ЖШС (50%)	242	220	22	9,0
Petrokazakhstan, Inc (33%)	650	755	-105	-13,9
«Теңізшевройл» ЖШС (20%)	4 394	4 293	101	2,4
Қарашығанақ Петролеум Оперейтинг б.в. (10%)	760	827	-67	-8,1
«ҚМГ Қашаған Б.В.» (50%)	838	787	51	6,5

Есепті кезеңдегі мұнай мен конденсатты өндірудің шоғырландырылған көлемі 17 593 мың тоннаны құрады, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңінің көлемінен 49 мың тонна аз.

Мұнай және конденсат өндіру көлемінің төмендеуінің негізгі себептері:

- Petrokazakhstan, Inc және «Қазгермұнай» БК ЖШС кен орындарында мұнай өндіру деңгейінің табиғи төмендеуі;
- Қарашығанақ Петролеум Оперейтинг Б.В. ұңғымаларында газ факторының және сулануының ұлғаюы

Мұнай мен конденсатты өндірудің негізгі өсуі ТШО бойынша тұрақты жұмыс және КТЖ/ШГА/ЕБЗ (Кешенді-технологиялық желі/Шикі газды айдау/Екінші буын зауыты) зауыттарының сенімділігін арттыру бойынша қалыптасты.

#### 3.2. Газ өндіру

Газ (ілеспе және табиғи) өндірудің шоғырландырылған көлемі, млн. м³	30.09.2019 аяқталған 9 ай үшін	30.09.2018 аяқталған 9 ай үшін	Δ, (+/-)	Δ, %
	6 227	6 067	160	2,6
«Өзенмұнайгаз» АҚ (100%)+ «ҚазГӨЗ» ЖШС (100%)	510	471	38	8,3
«Ембімұнайгаз» АҚ (100%)	195	164	31	18,9
«Қазақтүрікмұнай» ЖШС (100%)	106	122	-16	-13,1

«КазТрансГаз» АҚ («Амангелді Газ» АҚ – 100%)	256	261	-5	-1,9
«Қазгермұнай» БК ЖШС (50%)	166	191	-25	-13,1
«Маңғыстаумұнайгаз» ЖШС (50%)	293	293	0	0,0
«Қаражанбасмұнай» АҚ (50%)	20	16	4	25,0
«Қазақойл Ақтөбе» ЖШС (50%)	258	178	80	45,8
Petrokazakhstan, Inc (33%)	126	142	-16	-13,1
«Теңізшевройл» ЖШС (20%)	2 405	2 349	56	2,4
Қарашығанақ Петролеум Оперейтинг б.в. (10%)	1 391	1 422	-31	-2,2
«ҚМГ Қашаған Б.В.» (50%)	503	458	45	9,8

Есепті кезеңде газ өндірудің шоғырландырылған көлемі 6 227 мың тоннаны құрады, бұл өткен жылдың ұқсас кезеңінен 160 мың тоннаға артық.

Өсудің негізгі себептері:

- ӨМГ және ЕМГ бойынша мұнай өндірудің ұлғаюы;
- ҚОА-да газды кешенді дайындаудың 40 қондырғысын енгізу;
- ТШО зауыттарының орташа тәуліктік өнімділігінің өсуі есебінен мұнай өндіру көлемінің ұлғаюы (2019 жылдың 9 айында нақтысы – 79 945 тонна/тәулігіне, 2018 жылдың 9 айында нақтысы – 78 662 тонна/тәулігіне).

Сонымен қатар, газ өндірудің төмендеуі ҚТМ бойынша – авариялардың салдарын жою жөніндегі іс-шараларды жүргізу және Ш.Сазтөбе-3 газ-конденсат ұңғымасы дебитінің төмендеуі себебінен Лақтыбай-34 және О.Ш.Сазтөбе-46 ұңғымаларының бос тұрып қалуына байланысты, ҚГМ және ПКИ бойынша – қордың табиғи тозуына байланысты, Қарашығанақ бойынша – газ факторының ұлғаюына және ұңғымалардың сулануына байланысты.

### 3.3. Магистральдық құбырлармен мұнай тасымалдау

Қазақстан мұнайының құбырлар арқылы негізгі қолданыстағы экспорттық бағыттары:

- Атырау-Самара құбыры («ҚазТрансОйл» АҚ – 100%);
- Атасу-Алашаңқай құбыры («ҚазТрансОйл» АҚ – 50%);
- Каспий Құбыр Консорциумы («ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ – 20,75%).

«ҚазТрансОйл» АҚ ішкі нарыққа, экспортқа мұнай тасымалдау қызметтерін көрсетеді, сондай-ақ мұнай транзитін жүзеге асырады.

	30.09.2019 аяқталған 9 ай үшін	30.09.2018 аяқталған 9 ай үшін	Δ, (+/-)	Δ, %
<b>Компаниялар бөлінісінде магистральдық құбырлар арқылы мұнай тасымалдаудың шоғырландырылған көлемі (мың тонна)</b>	<b>50 324</b>	<b>50 717</b>	<b>-393</b>	<b>-0,8</b>
«ҚазТрансОйл» АҚ	33 340	33 911	-571	-1,7
«МұнайТас» Солтүстік-Батыс құбыр компаниясы» ЖШС (51%)	1 267	1 545	-278	-17,9
«Қазақстан-Қытай Құбыры» ЖШС (50%)	6 075	5 953	123	2,0
«Каспий Құбыр Консорциумы» АҚ (20.75%)	9 642	9 309	333	3,6
<b>Шоғырландырылған мұнай жүк айналымы (млн. тн*км)</b>	<b>46 954</b>	<b>46 959</b>	<b>-5</b>	<b>0,0</b>
«ҚазТрансОйл» АҚ	28 310	28 540	-230	-0,8
«МұнайТас» Солтүстік-Батыс құбыр компаниясы» ЖШС (51%)	485	610	-124	-20,4
«Қазақстан-Қытай Құбыры» ЖШС (50%)	5 482	5 450	32	0,6
«Каспий Құбыр Консорциумы» АҚ (20.75%)	12 677	12 360	317	2,6

Есепті кезеңдегі магистральдық құбырлар арқылы мұнай тасымалдаудың шоғырландырылған көлемі 50 324 мың тоннаны құрады, бұл өткен жылдың ұқсас кезеңінен 393 мың тонна аз.

«ҚазТрансОйл» АҚ құбырлары арқылы мұнай тасымалдау көлемінің төмендеуі негізінен Қызылорда облысында жүк жөнелтушілердің мұнай құбырлары жүйесіне мұнай тапсыруының төмендеуіне байланысты. Бұдан басқа, Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің кестесіне сәйкес Кеңқияқ-Атырау мұнай құбырынан («МұнайТас» СБҚК ЖШС) Кеңқияқ-Құмкөл мұнай құбырына («Қазақстан-Қытай Құбыры» ЖШС) көлемдер қайта бөлінді.

### 3.4. Мұнайды теңіз флотымен тасымалдау

Теңіз арқылы мұнай тасымалдаудың негізгі қолданыстағы бағыттары:

- Каспий теңізі акваториясындағы бағыттар;
- Қара және Жерорта теңіздері акваториясындағы бағыттар.

Бағыттар бөлінісінде теңіз флотымен мұнай тасымалдаудың шоғырландырылған көлемі (мың тонна)	30.09.2019 аяқталған 9 ай үшін	30.09.2018 аяқталған 9 ай үшін	Δ, (+/-)	Δ, %
	8 372	4 958	3 414	68,9
Ақтау-Махачкала	500	1 443	-943	-65,3
Қара теңіз	2 623	1 287	1 336	103,8
Жерорта теңізі	5 249	1 365	3 884	284,5
Махачкала-Баку	0	863	-863	-100,0

Есепті кезеңде теңіз флотымен мұнай тасымалдаудың шоғырландырылған көлемі 8 372 мың тоннаны құрады, бұл өткен жылдың ұқсас кезеңінің көлемінен 3 414 мың тонна артық.

Ұлғаюдың негізгі себебі – есепті кезеңде қосымша тасымалдау көлемін тарту және Қара және Жерорта теңіздеріндегі рейстер санының артуы. Бұл ретте Ақтау-Махачкала бағыты бойынша көлемдер төмендеді, себебі өткен жылдың ұқсас кезеңінде жүк жөнелтушілерден қосымша көлемдер болды. Сонымен қатар, Махачкала-Баку бағыты бойынша мұнай тасымалдау бес каспийлік танкерді бербоут-чартерге беру себебінен 2018 жылдың тамыз айынан бастап тоқтатылды.

### 3.5. Газ тасымалдау

Газ тасымалдау мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырылады: халықаралық газ транзиті, газды экспортқа тасымалдау және ішкі тұтынушылар үшін газ тасымалдау.

Газ тасымалдаудың шоғырландырылған көлемі (млн. м³)	30.09.2019 аяқталған 9 ай үшін	30.09.2018 аяқталған 9 ай үшін	Δ, (+/-)	Δ, %
	74 369	84 068	-9 699	-11,5
Халықаралық транзит	43 465	52 736	-9 271	-17,6
Газды экспортқа тасымалдау	18 972	19 254	-282	-1,5
Ішкі тұтынушылар үшін газ тасымалдау	11 933	12 079	-146	-1,2
<b>Газ тасымалдаудың шоғырландырылған көлемі (млн. м³)</b>	<b>74 369</b>	<b>84 069</b>	<b>-9 700</b>	<b>-11,5</b>
«Интергаз Орталық Азия» АҚ	51 897	60 834	-8 937	-14,7
«КазТрансГаз Аймақ» АҚ	1 821	1 955	-134	-6,9
«Азиялық газқұбыры» ЖШС (50%)	17 143	18 442	-1 299	-7,0
«Бейнеу-Шымкент Газ Құбыры» ЖШС (50%)	3 508	2 837	670	23,6
Газ тасымалдау бойынша тауар тасымалдау жұмыстарының көлемі (млрд. м³*км)	41 832	42 144	-312	-0,7

Газ тасымалдаудың жалпы көлемі есепті кезеңде 9 699 млн. м³ азайды, оның себептері:

- газ көлемін «Союз-Оренбург-Новопсков» магистральдық газ құбырынан Ресей Федерациясының солтүстік өңірлеріне «Газпром» ПАО-ның қайта бағыттауы;
- «Орта Азия – Орталық» магистральды газ құбыры арқылы өзбек газының транзитінің төмендеуі;
- түркімен газ көлемінің ҚХР-ға толық жеткізілмеуі;
- газ тұтынудың төмендігіне байланысты ішкі нарыққа газ тасымалдау көлемінің төмендеуі.

### 3.6. Көмірсутек шикізатын өңдеу

- Павлодар мұнай-химия зауыты («ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ қатысу үлесі – 100%): Қазіргі уақытта ПМХ3 мұнай өнімдерінің сапасын (K4, K5) жоғалтпай, жылына 5,1 млн.тонна мұнай өңдей алады. Есепті кезеңде өңдеу тереңдігі 86% құрады. ПМХ3 сапаны біршама төмендетіп, 6 млн. тонна өңдей алады;

- Атырау мұнай өңдеу зауыты («ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ қатысу үлесі – 99,53%): өңдеудің жобалық қуаты – жылына 5,5 млн. тоннаны құрайды, есепті кезеңдегі өңдеу тереңдігі 75% құрады;
- Шымкент мұнай өңдеу зауыты («Петро Қазақстан Ойл Продактс», «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ қатысу үлесі – 49,72%): жобалық қуаты – жылына 6 млн. тонна, есепті кезеңде өңдеу тереңдігі 84%;
- CaspiBitum – («ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ қатысу үлесі – 50%): Қаражанбас ауыр мұнайынан жол битумдарын өндіру зауыты. Өңдеу бойынша жобалық қуаты жылына 1,0 млн. тоннаны құрайды.
- KMG International N.V. (Rompertrol Rafinare) құрамына екі МӨЗ, «Petromidia» және «Vega» және Petrochemicals мұнай-химия кешені (МХК) кіреді:
  - «Petromidia» МӨЗ – (Rompertrol Rafinare S.A. қатысу үлесі – 100%) жобалық қуаты – жылына 5,0 млн. тонна мұнай және 1 млн. тонна өзге де көмірсутек шикізаты. Мұнай-химия кешені «Petromidia» МӨЗ-бен интеграцияланған;
  - «Vega» МӨЗ – (Rompertrol Rafinare S.A. қатысу үлесі – 100%) жобалық қуаты – жылына 500 мың тонна. «Vega» МӨЗ – шикізаттың баламалы түрлерін (нафта, ауыр көмірсутегі фракциялары, мазут) өңдеуге маманданған Румыниядағы жалғыз кәсіпорын.

Операциялық үлесті ескере отырып, көміртегі шикізатын өңдеудің шоғырландырылған көлемі (мың тонна)	30.09.2019 аяқталған 9 ай үшін	30.09.2018 аяқталған 9 ай үшін	Δ, (+/-)	Δ, %
	15 282	14 947	335	2,2
«Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС	3 915	3 943	-28	-0,7
«Павлодар мұнайхимия зауыты» ЖШС	3 931	3 911	20	0,5
«ПетроҚазақстан Ойл Продактс» ЖШС (50%)	2 023	1 714	309	18,0
«CASPI BITUM» (50%)	332	327	5	1,5
KMG International N.V. (Rompertrol Rafinare)	5 081	5 051	30	0,6

Өңдеу көлемі өсуінің негізгі себептері:

- ПҚОП – зауытты жаңғырту аяқталғаннан кейін өңдеу қуатын ұлғайту нәтижесінде;
- АМӨЗ, ПМХЗ – ҚР ЭМ тарапынан реттеу;
- KMG International N.V. (Rompertrol Rafinare) – шикі мұнай диетасының жақсаруы нәтижесінде, бұл сапа ауытқуын төмендетуге және оны өңдеу қондырғысында жобалық қуатқа қол жеткізуге мүмкіндік берді.

### 3.7. Мұнай, мұнай өнімдері мен газды өткізу

#### ҚМГ өндірілген мұнайын өткізу, мың тонна

мың тонна	30.09.2019 аяқталған 9 ай үшін			30.09.2018 аяқталған 9 ай үшін		
	Экспорт	Ішкі нарық	Барлығы	Экспорт	Ішкі нарық	Барлығы
Операциялық активтер*	6 501	5 223	11 724	6 667	5 197	11 864
Мегажобалар**	6 082	1	6 083	5 907	6	5 913
<b>Жиыны</b>	<b>12 583</b>	<b>5 224</b>	<b>17 807</b>	<b>12 574</b>	<b>5 203</b>	<b>17 777</b>

\* Өзенмұнайгаз, Ембімұнайгаз, Маңғыстаумұнайгаз, Қаражанбасмұнай, Қазгермұнай, Petrokazakhstan, Inc, Қазақойл Ақтөбе, Қазақтүрікмұнай.

\*\* Теңізшевройл, Қарашығанақ Петролеум Оперейтинг Б.В., «ҚМГ Қашаған Б. В.» ЖШЖК.

2019 жылдың 9 айында мұнай өткізу көлемі 2018 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 30 мың тоннаға өсті. Өсім мұнай өндіру көлемінің өсуіне байланысты ТШО мен Қашаған бойынша қалыптасты, ол Құмкөл кен орындары тобы қорларының табиғи сарқылуына байланысты ҚГМ мен ПКИ бойынша төмендеумен ішінара жабылды.

#### Мұнай өнімдерін өткізу

Есепті кезеңде мұнай өнімдерін өткізуді «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ, «ҚМГ-Өнімдері» АҚ, «ҚазМұнайГаз-Аэро» АҚ, ПМХЗ және KMG International N.V. компаниялары жүзеге асырды.

мың тонна	30.09.2019 аяқталған 9 ай үшін	30.09.2018 аяқталған 9 ай үшін	Δ, (+/-)	Δ, %
<b>Көтерме өткізу</b>	<b>6 154</b>	<b>6 266</b>	<b>-112</b>	<b>-1,8</b>

Ашық түсті мұнай өнімдері	4 136	3 160	976	30,9
Қошқыл түсті мұнай өнімдері	807	568	239	42,1
Мұнай химиясы	48	3	45	1 500,0
Сұйытылған газ	205	150	55	36,7
Өзге	959	2 384	-1 425	-59,8
<b>Бөлшек саудада өткізу</b>	<b>1 213</b>	<b>1 921</b>	<b>-708</b>	<b>-36,9</b>
Ашық түсті мұнай өнімдері	971	1 708	-737	-43,1
Сұйытылған газ	103	114	-11	-9,6
Өзге	2	99	-97	-98,0
<b>Мұнай өнімдерін өткізудің барлық көлемі</b>	<b>7 368</b>	<b>8 187</b>	<b>-819</b>	<b>-10,0</b>

## ҚМГ мұнай өнімдерін өткізу

мың тонна	30.09.2019 аяқталған 9 ай үшін	30.09.2018 аяқталған 9 ай үшін	Δ, (+/-)	Δ, %
<b>Қазақстандық мұнай өнімдерін өткізу</b>	<b>2 462</b>	<b>1 841</b>	<b>621</b>	<b>33,7</b>
Көтерме өткізу*	2 199,2	888,5	1 311	147,5
Бөлшек өткізу	262,5	952,1	-690	-72,4
<b>KMG Int. мұнай өнімдерін өткізу.</b>	<b>4 905,8</b>	<b>6 346,4</b>	<b>-1 441</b>	<b>-22,7</b>
Көтерме өткізу	3 955,3	5 378	-1 423	-26,5
Бөлшек өткізу	950,6	969	-18	-1,9
<b>Жиыны</b>	<b>7 368</b>	<b>8 187</b>	<b>-819</b>	<b>-10,0</b>

\* ҚМГ ЖҚС бөлшек сауда желісі үшін мұнай өнімдерін көтерме өткізу көлемін қоспағанда

Есепті кезеңде мұнай өнімдерін өткізу көлемі, негізінен, трейдингтік операциялардың азаюы есебінен 2018 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 819 мың тоннаға азайды.

Зауыттарды жаңғыртуды аяқтау салдарынан ҚР зауыттарында өндірудің ұлғаюына байланысты бензин мен дизель отынын (ашық түсті мұнай өнімдері) көтерме саудада өткізу көлемінің өсуі есебінен қазақстандық мұнай өнімдерін өткізу көлемінің 621 мың тоннаға ұлғайды.

KMG Int. мұнай өнімдерін өткізу көлемінің азаюы Азия нарығында мұнай өнімдеріне сұраныстың төмендеуіне байланысты болды, бұл үшінші тараптарға (Петромидия) өткізу көлемінің өсуімен және бөлшек саудада өткізудің өсуімен ішінара жабылды.

## Газ өткізу

Табиғи газды өткізу негізінен «ҚазТрансГаз» АҚ есебінен жүзеге асырылады. Бұл компанияның функциясына табиғи газды ішкі нарық үшін көтерме сатып алу, газды өңірлік газ тарату желілері арқылы тасымалдау, газ тарату объектілері мен желілерін пайдалану және табиғи газды ішкі нарықта өткізу кіреді.

«ҚазТрансГаз» АҚ газын өткізу*(млн. м³)	30.09.2019 аяқталған 9 ай үшін	30.09.2018 аяқталған 9 ай үшін	Δ, (+/-)	Δ, %
Газды экспортқа сату	6 315	7 177	-862	-12,0
Ішкі нарыққа газ сату	9 521	9 472	49	0,5
<b>Газ сату көлемі, барлығы</b>	<b>15 836</b>	<b>16 649</b>	<b>-813</b>	<b>-4,9</b>

Экспортқа газ өткізу көлемінің төмендеуі басқа жеткізушілермен уағдаластыққа байланысты Ресейге, Қырғызстанға және Өзбекстанға өткізу көлемінің азаюымен байланысты.

ҚР барлық өңірлерінде есепті кезеңде қажеттіліктің азаюы себебінен ішкі нарыққа газ өткізу көлемінің төмендеуі.



## 4. ТОПТЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ

### Пайда мен залалдар туралы есеп

Пайда мен залалдар (млн. теңге)	30.09.2019 аяқталған 9 ай үшін	30.09.2018 аяқталған 9 ай үшін	Δ, (+/-)	Δ, %
Өнімді өткізуден және қызмет көрсетуден түскен кіріс	5 127 951	5 225 317	-97 366	-1,9
Сатылған өнімнің және көрсетілген қызметтердің өзіндік құны	-3 837 324	-3 988 124	150 800	-3,8
<b>Жалпы пайда</b>	<b>1 290 627</b>	<b>1 237 193</b>	<b>53 434</b>	<b>4,3</b>
Жалпы және әкімшілік шығыстар	-157 140	-177 486	20 346	-11,5
Тасымалдау және өткізу бойынша шығыстар	-524 748	-481 706	-43 042	8,9
Негізгі құралдардың, барлау активтерінің және материалдық емес активтердің құнсыздануы, нетто	-149 810	-41 556	-108 254	260,5
Негізгі құралдардың шығуынан болатын кіріс/ (залал), нетто	-5 993	-2 094	-3 899	186,2
Өзге кірістер/(шығыстар)	3 370	-775	4 145	-534,8
<b>Операциялық пайда</b>	<b>456 306</b>	<b>533 576</b>	<b>-77 270</b>	<b>-14,5</b>
Оң/теріс бағамдық айырма, нетто	-1 502	-22 432	20 930	-93,3
Қаржылық кірістер	93 974	139 737	-45 763	-32,7
Қаржылық шығыстар	-245 738	-352 740	107 002	-30,3
Еншілес ұйымдардың шығуынан түскен кіріс (залал)	17 481	18 359	-878	-4,8
<b>Үлестік қатысу әдісімен есепке алынатын ұйымдардың кірістеріндегі/(залалдарындағы) үлес</b>	<b>638 505</b>	<b>532 917</b>	<b>105 588</b>	<b>19,8</b>
<b>Салық салынғанға дейінгі кіріс/(залал)</b>	<b>959 026</b>	<b>849 417</b>	<b>109 609</b>	<b>12,9</b>
Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар	-164 681	-204 284	39 603	-19,4
Тоқтатылатын қызметтен болатын кіріс/(залал)	6	3 094	-3 088	-99,8
<b>Таза кіріс, жиыны</b>	<b>794 351</b>	<b>648 227</b>	<b>146 124</b>	<b>22,5</b>

### 4.1. Кірістер

### Өнімді өткізуден және қызметтерді көрсетуден түскен шоғырландырылған кірістер

млн. теңге	30.09.2019 аяқталған 9 ай үшін	30.09.2018 аяқталған 9 ай үшін	Δ, (+/-)	Δ, %
Мұнай өнімдерін сату	1 472 430	1 555 794	-83 364	-5,4
Шикі мұнайды сату (шикі мұнай сапасының банкін ескере отырып)	2 337 686	2 493 923	-156 237	-6,3
Тауарлық газды сату	633 786	552 848	80 938	14,6
Мұнай тасымалдау	127 510	124 163	3 347	2,7
Газ тасымалдау	135 859	106 037	29 822	28,1
Мұнай және мұнай өнімдерін өңдеу	144 343	128 619	15 724	12,2
Мұнай сервистік қызметтер	65 046	57 787	7 259	12,6
Өзге	211 290	206 145	5 145	2,5
<b>Өнімдерді өткізуден және қызметтерді көрсетуден түскен барлық кірістер</b>	<b>5 127 951</b>	<b>5 225 317</b>	<b>-97 366</b>	<b>-1,9</b>

### Өнімді өткізу мен қызметтерді көрсетудің шоғырландырылған көлемдері

	Өлш. брл.	30.09.2019 аяқталған 9 ай үшін	30.09.2018 аяқталған 9 ай үшін	Δ, (+/-)	Δ, %
Мұнай өнімдерін сату	мың тонна	7 368	8 187	-819	-10,0
Шикі мұнай сату	мың тонна	12 766	13 835	-1 069	-7,7
Тауарлық газды сату	млн. м³	15 836	16 649	-813	-4,9
Мұнайды магистральдық құбырмен тасымалдау	мың тонна*км	18 401	19 056	-655	-3,4

Газ тасымалдау	млн.м³*км	36 825	44 417	-7 592	-17,1
Мұнай өңдеу	мың тонна	5 312	5 429	-117	-2,2

## Орташа қалыптасқан есептік бағалар

Орташа қалыптасқан есептік бағалар	Өлш. брл.	30.09.2019 аяқталған 9 ай үшін	30.09.2018 аяқталған 9 ай үшін	Δ, (+/-)	Δ, %
Мұнай өнімдерін сату	тонна үшін теңге	199 852	190 032	9 820	5,2
Шикі мұнай сату	тонна үшін теңге	183 123	180 261	2 862	1,6
Тауарлық газды сату	мың м³ үшін теңге	40 021	33 206	6 815	20,5
Мұнайды магистральдық құбырмен тасымалдау	тонна үшін теңге	6 706	6 516	190	2,9
Газ тасымалдау	мың м³ үшін теңге	3 689	2 387	1 302	54,5
Мұнай өңдеу	тонна үшін теңге	27 175	23 690	3 485	14,7

Есепті кезеңде өткізуден түскен кірістер 5 127,9 млрд.теңгені құрады және өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 1,9% төмендеді. Кірістер құрылымында газ бен конденсатты сатудан, мұнай мен газды тасымалдаудан, мұнай мен мұнай өнімдерін өңдеуден және сервистік қызметтер көрсетуден түскен кірістер үлесінің өскені байқалады.

Қызмет түрлері бойынша табыстар өзгеруінің негізгі себептері:

- шикі мұнай сатудан – 6,3%-ке төмендеу трейдингілік операциялардың және орташа өлшенген мұнайдың әлемдік бағасының төмендеуімен байланысты
- мұнай өнімдерін сатудан – 5,4%-ке төмендеу мұнай өнімдерін өткізу көлемінің азаюына байланысты, Азия нарығында мұнай өнімдеріне сұраныстың азаюына байланысты;
- тауарлық газды сатудан – 14,6%-ке өсім газды экспортқа өткізудің орташа бағасының өсуі (2018 жылдың 9 айында мың м³ үшін 203,42 АҚШ долларынан есепті кезеңде мың м³ үшін 216,7 АҚШ долларына дейін) және теңгенің АҚШ долларына бағамының өсуі есебінен қалыптасты.
- мұнай тасымалдаудан – 2,7%-ке өсім өсу тасымалдау тарифтерінің өсуімен (экспорттық тарифтің 2018 жылғы 1 сәуірдегі 1000 км-ге 1 тонна үшін 5 817,2 теңгеден 6 398,9 теңгеге дейін (ҚҚС-сыз), Тұймазы-Омск-Новосибирск-2 магистральдық құбырының қазақстандық учаскесі бойынша ҚР аумағы арқылы транзит тарифтерінің өсуімен) байланысты;
- газ тасымалдаудан – 28,1%-ке өсім теңгенің АҚШ долларына бағамының өсуі есебінен халықаралық транзиттен және экспортқа тасымалдаудан түсетін кірістердің өсуімен байланысты.
- мұнай өңдеуден – 12,2%-ке өсім ПМХЗ мұнай өңдеу бойынша тарифтерінің өсуімен (2018 жылғы 9 ай үшін тоннасына 17 249 теңгеден есепті кезеңдегі 19 805 теңгеге дейін) байланысты; АМӨЗ (2018 жылғы 9 ай үшін тоннасына 31 473 теңгеден есептік кезеңдегі 37 437 теңгеге дейін) байланысты.

## 4.2. Шығыстар

### Сатылған өнімнің және көрсетілген қызметтердің өзіндік құны

млн. теңге	30.09.2019 аяқталған 9 ай үшін	30.09.2018 аяқталған 9 ай үшін	Δ, (+/-)	Δ, %
Материалдар мен қорлар	667 796	638 928	28 868	4,5
Шикі мұнай, газ және газды өңдеу өнімдері	2 168 115	2 259 431	-91 316	-4,0
Еңбекақы бойынша шығыстар;	235 621	226 571	9 050	4,0
Тозу сарқылу және амортизация	225 355	182 763	42 592	23,3
Қайта сатуға сатып алынатын мұнай өнімдері	102 110	344 161	-242 051	-70,3
Пайдалы қазбаларды өндіру салығы	75 504	85 539	-10 035	-11,7
Жөндеу және қызмет көрсету	90 668	52 144	38 524	73,9
Электр энергиясы	63 364	45 711	17 653	38,6
Өзге салықтар	56 938	52 436	4 502	8,6
Көлік шығыстары	22 059	13 149	8 910	67,8
Өзге	129 794	87 291	42 503	48,7

млн. теңге	30.09.2019 аяқталған 9 ай үшін	30.09.2018 аяқталған 9 ай үшін	Δ, (+/-)	Δ, %
<b>Жиыны</b>	<b>3 837 324</b>	<b>3 988 124</b>	<b>-150 800</b>	<b>-3,8</b>

Есепті кезеңде шоғырландырылған өзіндік құн өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 4%-ке немесе 150,8 млрд.теңгеге азайды. Негізгі азаю мынадай баптар бойынша қалыптасты:

- шикі мұнай, газ және газды өңдеу өнімдері – негізінен Brent маркалы мұнайдың орташа бағасының төмендеуі есебінен (2019 жылдың 9 айы үшін нақтысы – 64,65 АҚШ долл./барр., 2018 жылдың 9 айы үшін нақтысы – 72,13 АҚШ долл./барр.) Бұл төмендеу валюта бағамының өзгеруінен ішінара жабылды (2019 жылдың 9 айы үшін нақтысы – 381,52 теңге/АҚШ долл., 2018 жылдың 9 айы үшін нақтысы – 336,51 теңге/АҚШ долл.). Сондай-ақ, шығыстардың төмендеуіне герагай шикі мұнайы бойынша келісімшартты ұзартпау нәтижесінде қайта сатуға мұнай сатып алу көлемінің және KMG Int. бойынша мұнай «диетасының» өзгеруіне байланысты өңдеуге мұнай сатып алу көлемінің төмендеуі әсер етті. Шығыстардың мұндай төмендеуі газ сатып алу көлемінің төмендеп, газдың орташа өлшемді бағасының өсуімен және сәйкесінше сатып алу шығыстарының өсуімен ішінара жабылды;
- қайта сатуға сатып алынатын мұнай өнімдері – негізінен, KMG Int. бойынша азаю Венесуэлаға қарсы санкцияларға байланысты үшінші тараптан Азия нарығына мұнай өнімдерін сатып алу көлемінің азаюына байланысты;
- пайдалы қазбаларды өндіру салығы – Өзен кен орнын 2019 жылы суланған кен орнына жатқызу себебі бойынша жеңілдіктер алуға байланысты шығындардың азаюы.

Жоғарыда көрсетілген азаю мынадай баптар бойынша шығыстардың өсуімен ішінара жабылды:

- тозу және амортизация – инвестициялық жобаларды (МӨЗ жаңғырту, 3 компрессорлық станциялардың құрылысы және т. б.) іске асыру нәтижесінде амортизациялық базаның ұлғаюына байланысты шығыстардың ұлғаюы;
- жөндеу және қызмет көрсету – инвестициялық жобаларды іске асыру, сондай-ақ сервистік бөлімшелердің бір бөлігін аутсорсингке шығару нәтижесінде шығыстардың ұлғаюы;
- материалдар мен қорлар – мұнай өңдеу зауыттарын жаңғырту жүргізілуіне, сондай-ақ мұнайды өңдеу көлемінің ұлғаюына және валюта бағамының өзгеруіне байланысты мұнайды өңдеу үшін өзге де шикізат пен материалдарды сатып алуға арналған шығыстардың ұлғаюы;
- электр энергиясы – инвестициялық жобаларды іске асыруға байланысты, сондай-ақ Румыниядағы тарифтердің өсуі және валюта бағамының өзгеруі нәтижесінде KMG Int. бойынша шығыстардың ұлғаюы
- негізінен, ҚТКФ бойынша өзге шығыстардың ұлғаюы – бұл Каспий теңізі бойынша және Ашық теңіздер бойынша өндірістік бағдарламаның асыра орындалуымен байланысты. Сондай-ақ дайын өнім балансының өзгеруі есебінен.

## Жалпы және әкімшілік шығыстар

млн. теңге	30.09.2019 аяқталған 9 ай үшін	30.09.2018 аяқталған 9 ай үшін	Δ, (+/-)	Δ, %
Еңбекақы бойынша шығыстар;	53 143	50 397	2 746	5,4
Өтелетін ҚҚС-ның құнсыздануы	11 808	-795	12 603	-1 585,3
Консультациялық қызметтер	15 063	14 732	331	2,2
Тозу және амортизация	15 272	16 509	-1 237	-7,5
Өзге салықтар	6 171	8 701	-2 530	-29,1
Қайырымдылық	157	881	-724	-82,2
Салықтар, айыппұлдар және өсімпұлдар бойынша резерв	4 180	24 110	-19 930	-82,7
Негізгі құралдарды жалға алу бойынша шығыстар, MEA	1 739	4 368	-2 629	-60,2
Сауда дебиторлық берешектің құнсыздануына арналған резервтер	2 785	1 544	1 241	80,4
Өзге ағымдағы активтердің құнсыздануына арналған резервтер	12 044	2 349	9 695	412,7
Есепке жатқызылмаған ҚҚС (барабар әдіс)	3 357	1 514	1 843	121,7
ЕТҚ-ға кірмейтін әлеуметтік төлемдер ( салықтарды және БЖЗҚ аударымдарын қоса алғанда)	3 168	21 050	-17 882	-85,0
Өзге	28 253	32 126	-3 873	-12,1
<b>Жиыны</b>	<b>157 140</b>	<b>177 486</b>	<b>-20 346</b>	<b>-11,5</b>

Есепті кезеңде жалпы және әкімшілік шығыстар 157,1 млрд.теңгені құрады, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңінен 11% - ға немесе 20,3 млрд. теңгеге төмен. Негізгі азаю шығыстардың мынадай баптары бойынша қалыптасты:

- салықтар, айыппұлдар және өсімақылар бойынша резерв – 2018 жылдың есепті кезеңінде ҚР ӘҚТК сәйкес, Экология департаментінің 01.11.17 бастап 12.06.18 дейінгі кезеңде тексеруі нәтижесінде экологиялық бұзушылықтар үшін «ЕМГ» АҚ-ның айыппұлдар мен өсімақылары бойынша резервтердің қалыптасуымен байланысты;
- ЕТҚ-ға кірмейтін әлеуметтік төлемдер – 2018 жылы бизнес-бастамаларды (АНС компаниялар тобын қайта ұйымдастыру) іске асыру мақсатында әкімшілік басқару персоналының қысқаруы;
- негізгі құралдарды жалға алу және MEA бойынша шығыстардың қысқаруы – негізінен 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап 16 «Жалдау» ХҚЕС (IFRS) енгізілуіне және «Тозу және амортизация» бабына жіктелуіне байланысты.

Бұл ретте мұндай төмендеу жалпы және әкімшілік шығыстардың мынадай баптары бойынша ішінара жабылды:

- өтелетін ҚҚС-ның құнсыздануы – КТГ бойынша 2019 жылғы есепті кезеңде есепке жатқызылмаған қосылған құн салығын есептеу нәтижесінде, сондай-ақ 2018 жылғы есепті кезеңде «ӨМГ» АҚ бойынша ҚҚС түзету бойынша соманы қайтаруға байланысты ұлғаю;
- басқа ағымдағы активтердің құнсыздануына арналған резервтер – Жекпе-жек сарайының аяқталмаған құрылысы бойынша резервті қалыптастыру нәтижесінде есепті кезеңде шығыстардың ұлғаюы, сондай-ақ ҚМГ КО алдында UnionField Group Ltd дебиторлық берешегі бойынша резервті құру. (31.03.2020 жоспарланған төлем күнімен №ҚМГ-Үстірт ЖШС БК-дағы қатысу үлесінің 50%-і үшін төлем).

### Өткізу бойынша шығыстар

млн. теңге	30.09.2019 аяқталған 9 ай үшін	30.09.2018 аяқталған 9 ай үшін	Δ, (+/-)	Δ, %
Ренталық салық	103 591	111 464	-7 873	-7,1
Кеден баждары	101 768	94 480	7 288	7,7
Тасымалдау	273 571	227 123	46 448	20,5
Еңбекақы бойынша шығыстар;	10 818	11 821	-1 003	-8,5
Тозу және амортизация	10 204	8 949	1 255	14,0
Өзге	24 796	27 869	-3 073	-11,0
<b>Жиыны</b>	<b>524 748</b>	<b>481 706</b>	<b>43 042</b>	<b>8,9</b>

Есепті кезеңде тасымалдау мен өткізу жөніндегі шоғырландырылған шығыстар 9%-ке немесе 43 млрд.теңгеге, негізінен тасымалдау жөніндегі шығыстардың ұлғаюы есебінен өсті. Бұл өсім Қытайға газ тасымалдау көлемінің артуымен, сондай-ақ валюта бағамының өзгеруі есебінен (2019 жылдың 9 айында нақтысы – 381,52 теңге/АҚШ долл., 2018 жылдың 9 айында нақтысы – 336,51 теңге/АҚШ долл.). Сондай-ақ өткізу шығыстарының ұлғаюы мұнай өнімдері экспорты көлемінің ұлғайту нәтижесінде кедендік баждар бойынша ҚМГ КО шығыстарының ұлғаюымен байланысты. Кеден баждары бойынша шығыстардың ұлғаюы Brent маркалы мұнайдың орташа бағасының төмендеуі нәтижесінде ренталық салық бойынша шығыстардың төмендеуімен жабылды (2019 жылдың 9 айында нақтысы – 64,65 АҚШ долл./барр., 2018 жылдың 9 айында нақтысы – 72,13 АҚШ долл./барр.) және мұнай экспорты көлемінің төмендеуі.

### 4.3. Бірлесіп бақыланатын ұйымдар мен қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы үлесі

млн. теңге	30.09.2019 аяқталған 9 ай үшін	30.09.2018 аяқталған 9 ай үшін	Δ, (+/-)	Δ, %
«Теңізшевройл» ЖШС	312 380	338 574	-26 194	-7,7
«Мангистау Инвестментс» БВ	65 079	72 878	-7 799	-10,7
«Қазгермұнай» ЖШС	14 383	21 788	-7 405	-34,0
«ПетроҚазақстан Инк»	2 060	13 045	-10 985	-84,2
«КазРосГаз» ЖШС	21 704	5 724	15 980	279,2
«Қазақойл-Ақтөбе» ЖШС	5 562	6 009	-447	-7,4
Ural Group Limited	-5 511	-12 020	6 509	-54,2
Бейнеу-Шымкент Газ Құбыры	38 488	6 744	31 744	470,7
Азиялық газқұбыры	110 455	0	110 455	-
Каспий Құбыр Консорциумы	52 932	36 871	16 061	43,6
ҚМГ Қашаған Б.В.	14 820	29 099	-14 279	-49,1
«Валсера Холдинг» БВ	-11 239	-10 163	-1 076	10,6
Тениз Сервис	7 942	16 981	-9 039	-53,2

«KMG Nabors Drilling Co» ЖШС	4 223	1 427	2 796	195,9
Өзге	5 227	5 960	-733	-12,3
<b>Жиыны</b>	<b>638 505</b>	<b>532 917</b>	<b>105 588</b>	<b>19,8</b>

2019 жылдың 9 айының қорытындысы бойынша бірлескен-бақыланатын ұйымдар мен қауымдасқан компаниялардың табыстарындағы үлес 2018 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 105,6 млрд.теңгеге немесе 20% артты.

Өсудің негізгі себептері:

- ТШО бойынша – зауыттардың орташа тәуліктік өнімділігінің өсуі есебінен мұнай өндіру көлемінің ұлғаюы (2019 жылдың 9 айында нақтысы – 79 945 тонна/тәулігіне, 2018 жылдың 9 айында нақтысы – 78 662 тонна/тәулігіне). Сондай-ақ АҚШ долларына шаққанда теңге бағамының өзгеруі есебінен (2019 жылдың 9 айы үшін нақтысы – 381,52 теңге/АҚШ долл., 2018 жылдың 9 айы үшін нақтысы – 336,51 теңге/АҚШ долл.);
- КРГ бойынша – 2019 жылғы сәуірден бастап СВОП – жеткізілімдер бойынша газ өткізу бағасының ұлғаюы (2018 жылғы орташа өлшенген баға – 65 АҚШ долл./мың м³, 2019 жылы – 78 АҚШ долл./мың м³) және сонымен қатар лимиттен тыс демеушілік көмек төлеу бойынша шығыстардың болмауы, өйткені қатысушылардың жалпы жиналысының 17.07.2015 шешімімен лимиттен тыс демеушілік көмек төлемдері 2014-2018 жылдарға көзделген;
- UGL бойынша – UGL-ға инвестицияларға капиталдандырылған қаржы шығындарын элиминациялауды жүргізуге байланысты залалдың төмендеуі;
- БШГҚ бойынша – газды экспортқа тасымалдау көлемінің 570,26 млн. м³ ұлғаюы;
- АГҚ бойынша – залалда жинақталған танылмаған үлесті толық қалпына келтіру және 2019 жылғы наурыздан бастап ҚМГ шоғырландырылған қаржылық есептілігінде АГҚ көрсеткіштерін көрсету;
- КҚК бойынша – қарыздар мен амортизация бойынша шығыстарды өтеуге байланысты сыйақы бойынша шығыстардың төмендеуі;
- «Валсера Холдинг» БВ бойынша – 2018 жылғы аудит қорытындысы бойынша амортизацияны қосымша есептеу;
- «KMG Nabors Drilling Co» ЖШС бойынша – 708 және 707 бұрғылау қондырғыларын бос тұрып қалуы, сәйкесінше 2018 жылдың 9 айында табыс таппау, сондай-ақ АҚШ доллары бағамының өсуі.

Бұл ретте «ПетроҚазақстан Инк» және «Қазгермұнай» ЖШС таза табысы мұнай өндірудің табиғи құлдырауына, мұнайды экспортқа өткізу көлемінің азаюына және трансферттік баға белгілеуге байланысты айыппұлдар мен өсімдерді есептеуге байланысты төмендеді. Сондай-ақ кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығының пайда болуы салдарынан, күрделі жөндеу жүргізуге байланысты пайдалану шығыстарының өсуі салдарынан, доллар бағамының өсуі себебінен амортизацияның өсуі салдарынан амортизация өсуі салдарынан Қашаған Б.В. бойынша төмендеу болды және өндіру көлемінің өсуіне байланысты шығыстар ұлғайды.

2019 жылдың 9 айында ҚМГ бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардан 88,6 млрд.теңге мөлшерінде дивидендтер алды, бұл өткен жылдың ұқсас кезеңінен 48,5 млрд. теңгеге немесе 35% кем. Төмендеудің негізгі себебі – 2018 жылдың есепті кезеңінде ТШО мен КазРосГаздан дивидендтер алу.

млн. теңге	30.09.2019 аяқталған 9 ай үшін	30.09.2018 аяқталған 9 ай үшін	Δ, (+/-)	Δ, %
Бірлескен кәсіпорындардан және қауымдасқан компаниялардан алынған дивидендтер, нетто	88 577	137 058	-48 481	-35,4

#### 4.4. Табыс салығы бойынша шығыстар

млн. тенге	За 9 месяцев, закончившихся 30.09.2019	За 9 месяцев, закончившихся 30.09.2018	Δ, (+/-)	Δ, %
<b>Текущий подоходный налог:</b>				
Корпоративный подоходный налог	109 438	129 465	-20 027	-15,5
Налог на сверхприбыль	6 906	-3 405	10 311	-302,8
Налог у источника выплаты по полученным дивидендам	9 825	21 149	-11 324	-53,5
<b>Отсроченный подоходный налог:</b>				
Корпоративный подоходный налог	-6 502	3 419	-9 921	-290,2
Налог на сверхприбыль	-1 843	-7 931	6 088	-76,8
Налог у источника выплаты по полученным дивидендам	46 857	61 587	-14 730	-23,9

млн. тенге	За 9 месяцев, закончившихся 30.09.2019	За 9 месяцев, закончившихся 30.09.2018	Δ, (+/-)	Δ, %
Расходы по подоходному налогу	164 681	204 284	-39 603	-19,4

2019 жылдың 9 айында компаниядағы табыс салығы бойынша шығыстар 164,7 млрд. теңгені құрады, бұл 2018 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 19% төмен. Төмендеу негізінен Brent сортты мұнайдың әлемдік бағасының барреліне 64,65 АҚШ долларына дейін төмендеуімен байланысты, 2018 жылдың нақтысы – 72,0 АҚШ долл./ барр., ол доллар бағамының өсуімен (Есепті кезеңде АҚШ долларының орташа айлық бағамы 381,5 теңге/АҚШ долл. құрады, өткен жылдың ұқсас кезеңінде – 337 теңге/АҚШ долл.), ҚХР-ға экспортқа газ өткізумен ішінара жабылды. Есепті кезеңде Бейнеу жобасы бойынша ҮСП және Жамбыл жобасы бойынша ҮСП бойынша алдын ала кейінге қалдырылған салық міндеттемесі есептелді. Өткен жылдың ұқсас кезеңінде ҚМГ БӨ (ЕМГ) тіркелген активтердің құнын шегерімге жатқызуына байланысты, 2018 жылдан бастап алынған кірістерге қарсы жинақталған шығыстарды есепке жатқызуды көздейтін ҮСК есептеу бойынша жаңа тәсілді қолдану есебінен 2017 жылы бұрын есептелген ҮСК түзетілді, ҚМГ КО кейінге қалдырылған ҮСК қайта есептелді. Уақытша айырмалардың әсері салдарынан ТШО дивидендтерінен шоғырландыру деңгейінде кейінге қалдырылған ТҚҰС мөлшері өзгертілді.

#### 4.5. Өтімділік және күрделі шығындар

##### Борыштық міндеттемелер

Топтың тартылған несиелері мен қарыздары бойынша жалпы берешек есепті кезеңнің басындағы жағдай бойынша 4 153,2 млрд. теңгемен салыстырғанда есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша 4 001 млрд. теңгені құрады. 2018 жылғы 31 желтоқсандағы көрсеткішпен салыстырғанда 2019 жылғы 30 қыркүйекке жалпы борыш 3,7%-ға төмендеді. Борышты негізінен 106,1 млн. АҚШ доллары сомасындағы (40,5 млрд. теңге баламалы) ҚМГ облигацияларын ҚДБ пайдасына өтеу, 30,1 млн. АҚШ доллары (11,4 млрд. теңгеге баламалы) сомасына ҚМГ еурооблигацияларын мерзімінен бұрын өтеу, 305 млн. АҚШ доллары (нетто, 116,5 млрд. теңгеге баламалы) сомасындағы АМӨЗ қарыздарын таза өтеу, 61 млн. АҚШ долларына (нетто, 23,3 млрд. теңгеге баламалы) жуық сомаға ағымдағы несиелік желілер шеңберінде ҚМГИ қарыздарын таза өтеу есебінен төмендету. Тартылған несиелер және Топтың қарыздары бойынша берешектің төмендеуі сәуір және қазан айларында жарты жылдық төлемдермен өтеуге жататын ЛҚБ-ға 58.9 млрд. теңге мөлшерінде орналастырылған облигациялар бойынша есептелген сыйақылармен ішінара нивелирленгені.

Топтың таза борышы 2018 жылғы 31 желтоқсанда 2 166,5 млрд. теңгемен салыстырғанда 2019 жылғы 30 қыркүйектегі жағдай бойынша 2 662,8 млрд.теңгені құрады. Таза борыштың ұлғаюы негізінен ТШО-ның мұнайын аванстау бойынша міндеттемелерді жедел орындау есебінен ақша қаражаты мен баламалардың төмендеуіне байланысты.

млн. теңге	30.09.2019 жағдай бойынша	31.12.2018 жағдай бойынша
Ұзақ мерзімді бөлігі	3 736 522	3 822 648
Ағымдағы бөлік	264 487	330 590
<b>Берешек жиыны</b>	<b>4 001 009</b>	<b>4 153 238</b>
Ақша қаражаты және олардың баламасы	786 715	1 539 453
Қысқа мерзімді банк салымдары және ұзақ мерзімді банк депозиттерінің бір бөлігі	551 515	438 756
<b>Таза борыш (Берешек жиыны – Ақшалай Қаражат – Кредиттік Қаржы Активтері)</b>	<b>2 662 779</b>	<b>2 175 029</b>

##### Өтімділік

Топтың ақша позициясы есепті кезеңде 1 978,2 млрд.теңгеден (2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша) 1 364,6 млрд. теңгеге дейін (2019 жылғы 30 қыркүйектегі жағдай бойынша) қысқарды. Топтың есепті кезеңдегі ақшалай позициясының төмендеуінің негізгі себебі – ТШО мұнай жеткізілімдеріне аванс беру бойынша мәміле шеңберінде міндеттемелердің жедел амортизациясы болды.

##### Болжамдық өтімділік және үрдістер

Компания 2019 жылдың соңына қарай болжамды шоғырландырылған өтімділік төмендейді, бірақ ағымдағы шығыстар мен міндеттемелерді жабу үшін әлі де жеткілікті болады деп күтуде. Сонымен қатар, мұнай бағасы айтарлықтай төмендеген, жаңа инвестициялық жобаларды іске асыру туралы шешім қабылданған және/немесе



Компанияның ағымдағы жоспарларында көзделмеген басқа да маңызды оқиғалар пайда болған жағдайда, болжамды өтімділік төмендеуге үрдіс алуы мүмкін.

## Күрделі шығыстар

Топтың күрделі шығыстары инвестициялық жобаларға, өндірістің ағымдағы деңгейін қолдауға қаражат салуды және өзге де шығындарды (әкімшілік және әлеуметтік сипаттағы) қамтиды. Есепті кезеңде күрделі шығыстар 289 млрд.теңгені құрады, бұл 2018 жылдың есепті кезеңінен 6% немесе 17 млрд. теңге артық.

### Қызметтің негізгі бағыттары бойынша күрделі шығыстар:

млн. теңге	30.09.2019 аяқталған 9 ай үшін	30.09.2018 аяқталған 9 ай үшін	Δ, (+/-)	Δ, %
Мұнай мен газды барлау және өндіру	147 718	111 945	35 773	32,0
Мұнай тасымалдау	21 167	49 183	-28 016	-57,0
Газ тасымалдау	56 008	21 777	34 231	157,2
Шикі мұнай мен мұнай өнімдерін өңдеу және өткізу	54 280	63 098	-8 818	-14,0
Өзге	9 689	26 132	-16 443	-62,9
<b>Күрделі ақша салымдары жиынтығы</b>	<b>288 862</b>	<b>272 135</b>	<b>16 727</b>	<b>6,1</b>

- 2019 жылдың 9 айында мұнай мен газды барлау және өндіру бағыты бойынша күрделі шығындар 147,7 млрд.теңгені құрады, бұл 2018 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 35,8 млрд. теңгеге артық. Күрделі шығындардың артуы «ҚМГ Қарашығанақ» ЖШС жобалары бойынша шығындардың өсуіне байланысты болды: Өңдеу кешенінің газы бойынша өндірістік шектеулерді алып тастау; Өңдеу кешенінің мұнай дайындау жүйесін жаңғырту; Газды кешенді дайындау қондырғысының компрессорларын жаңғырту – 2; газды кері айдаудың 4-ші компрессоры. Сондай-ақ есепті кезеңде «ӨМГ» АҚ және «ЕМГ» АҚ бойынша күрделі шығындардың артуы пайдалану және су жинау ұңғымаларын инфрақұрылыммен жайластырумен байланысты геологиялық, геофизикалық, бұрғылау және құрылыс-монтаж жұмыстарының үлкен көлемімен байланысты;
- «Мұнай тасымалдау» бағыты бойынша шығыстардың азаюы 2018 жылы ҚМКФ компаниясының «ТШО болашақ кеңейту жобасы үшін MCV класты 3 (үш) баржа-алаң құрылысы» және «ТШО болашақ кеңейту жобасы үшін 3 (үш) сүйреткіш салу» жобаларын іске асырумен байланысты. Сонымен қатар, 2018 жылы ҚТО бойынша құбырларды ауыстыру бойынша үлкен жұмыстар жүргізілді, сондай-ақ Транкингітік радиобайланыс желісін жаңғырту бойынша жұмыстар жүргізілді;
- «Газ тасымалдау» бағыты бойынша күрделі шығындардың ұлғаюы 2018 жылдың ұқсас кезеңінен 34,2 млрд. теңгеге артық. Күрделі шығындардың артуы бірқатар жобалардың іске асырылуымен байланысты: ҚХР-ға газ экспортының мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін «ББШ» МГҚ өткізу қабілетін жылына 10 млрд. м³ дейін ұлғайту; «Бозой» ГЖҚ-да газды сақтау қуатын ұлғайту; «БГА-ТБА» МГҚ өткізу қабілетін ұлғайту және сыққыш компрессорлық станция салу;
- «Шикі мұнай мен мұнай өнімдерін өңдеу және өткізу» бағыты бойынша шығыстардың төмендеуінің негізгі себебі 2018 жылы АМӨЗ жаңғырту жобасының аяқталуы болып табылады;
- «Өзге» бағыты бойынша шығыстардың төмендеуі 2018 жылдың есепті кезеңінде инженерлік-геологиялық зерттеулер жүргізумен және бағалау ұңғымаларын бұрғылаумен байланысты.



## ГЛОССАРИЙ

KMG Int. – KMG International N.V., интеграцияланған румын мұнай-газ компаниясы

CASPI BITUM – «CASPI BITUM» БК ЖШС

АГҚ – Азиялық газқұбыры (ҚХР-ға ортаазиялық газды тасымалдауға арналған магистральдық газ құбыры)

АМӨЗ – «Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС

ББШ – «Бейнеу-Бозой-Шымкент» магистралды газ құбыры

БШГҚ – «Бейнеу-Шымкент Газ Құбыры» ЖШС

Топ – «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында ҚМГ-ге тікелей немесе жанама тиесілі заңды тұлғалар, сондай-ақ ҚМГ қызметін бақылауға құқылы заңды тұлғалар.

ЕТҰ – еншілес тәуелді ұйым

ШГА/ЕБЗ – Шикі газды айдау/Екінші буын зауыты

ҚХР – Қытай Халық Республикасы

ҚМГ, Компания – «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ

ҚМГ-Аэро – «ҚазМұнайГаз-Аэро» ЖШС

ҚМГ Қарашығанақ – «ҚМГ Қарашығанақ» ЖШС.

КМГӨ – «ҚМГ-Өнімдері» ЖШС

ҚТКФ – «ҚазТеңізКөлікФлоты» ҰТКК ЖШС

ХӨК – хош иісті көмірсутектерді өндіру кешені

ҚТК – қызметтің түйінді көрсеткіштері

ҚОА – «Қазақойл-Ақтөбе» ЖШС

КРГ – «КазРосГаз» ЖШС

ҚТГ – «ҚазТрансГаз» АҚ

КҚК – Каспий құбыр консорциумы (мұнайды Теңіз кен орнынан Қара теңіздегі Новороссийск портына дейін тасымалдайтын магистральдық мұнай құбыры)

ҚТМ – «Қазақтүрікмұнай» ЖШС

ҚТО – «ҚазТрансОйл» АҚ

ҚМГ КО – корпоративтік орталық, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ орталық аппараты

МГҚ – магистральдық газ құбыры

ММГ – «Маңғыстаумұнайгаз» ЖШС

МҚ – магистральдық мұнай құбыры

ҚР ЭМ – Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі

ПҚӨС – пайдалы қазбаларды өндіру салығы

МӨҰ – мұнай өндіруші ұйымдар

МӨЗ – мұнай өңдеу зауыттары

АПС – артық пайда салығы

ӨМГ – «Өзенмұнайгаз» АҚ

ІК – іске қосу кешені

ПКОП – «Петроказakhstan Ойл продактс» АҚ, Шымкент мұнай өңдеу зауытының иесі

ПМХЗ – «Павлодар мұнай өңдеу зауыты» ЖШС

ЖСҚ – жобалау-сметалық құжаттама

СҚБЖ/БКЖ – сағалық қысымды басқару жобасы/Теңіз кен орнын болашақ кеңейту жобасы

ҚМГ БӨ – «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ

ББҰ – бірлесіп бақыланатын ұйым

СКЖ – Солтүстік Каспий жобасы

ҚМЖ – құрылыс-монтаж жұмыстары

БК – бірлескен кәсіпорын

ӨЖБҚ – өздігінен көтерілетін жүзбелі бұрғылау қондырғысы

ӨБК – өнімді бөлу туралы келісім

ТШО – «Теңізшевройл» ЖШС

КС – көмірсутектер

КСШ – көмірсутекті шикізат

Қор – «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ

ЕМГ – «Ембімұнайгаз» АҚ

ЭКБ – экспорттық кеден бажы